# Күзет қызметін, жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін және күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті мемлекеттік бақылау бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 757 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 32 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17655 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бірлескен бұйрыққа өзгеріс енгізу көзделген -

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.12.2022 № 924 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.12.2022 № 113 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес күзет қызметін, жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін және күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті мемлекеттік бақылау бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес күзет қызметін мемлекеттік бақылау бойынша тексеру парағы;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін мемлекеттік бақылау бойынша тексеру парағы;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті мемлекеттік бақылау бойынша тексеру парағы бекітілсін.

2. Мыналардың:

"Күзет қызметін, жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін және күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті мемлекеттік бақылау бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 1018 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 22 ақпандағы № 13162 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылы 29 ақпанда жарияланған);

"Күзет қызметін, жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін және күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті мемлекеттік бақылау бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 1018 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 112 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 3 наурыздағы № 106 бірлескен бұйрығының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2017 жылғы 10 сәуірдегі № 15000 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2017 жылы 20 сәуірде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркеуден кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркеуден кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Ұлттық экономика министрі*
*______________ Т. Сүлейменов*
*Қазақстан Республикасының*
*Ішкі істер министрі*
*________________ Қ. Қасымов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика
және арнайы есепке алу
жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 30 қазандағы № 757
және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 30 қазандағы
№ 32 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

**Күзет қызметін, жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін және күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті мемлекеттік бақылау бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

Ескерту. Өлшемшарттар жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.12.2022 № 924 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.12.2022 № 113 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Күзет қызметін, жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін және күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті мемлекеттік бақылау бойынша осы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің

міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына және "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тәуекел – бақылау субъектінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарының ауырлық дәрежесін ескере отырып, зиян келтіру ықтималдығы;

2) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

3) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары ;

4) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектінің қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

5) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына, жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексерулерді (бұдан әрі – талаптарға сәйкестігін тексеру) кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;

6) өрескел бұзушылықтар – заңнаманың тыйым салатын, шектейтін нормасын сақтамаумен (тыйым салынған, тыйым салынады, шектеулер, құқығы жоқ, мүмкін емес , жоқ, тиіс, тұрмайтын), заңнама талаптарын орындамаумен байланысты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген бұзушылықтар, есептерді , ақпараттарды, мәліметтерді ұсынбау немесе расталмаған ақпараттарды ұсыну, сондай-ақ расталған шағымдар мен өтініштердің болуы, бақылау субъекті жұмыскерінің, басшысының, құрылтайшысының кінәсінен пайда болған жағымсыз оқиғалардың болуы;

7) елеулі бұзушылықтар – тексерілетін субъектінің Қазақстан Республикасы заңнамасының бақылау талаптарын бұзуы, оларды жасау субъект көрсететін қызметтердің сапасына әсерін тигізбейді;

8) болмашы бұзушылықтар – бақылау субъектінің қызметтерді көрсетуге келісімшарттардың жазбаша нысанын жасасу бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бақылауын сақтамауы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында расталған тексерілетін субъект көрсетіп отырған қызметтер сапасының жағымсыз басылымдары мен жариялымдарының болуы;

9) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі;

10) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

11) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шкаладерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шкалаге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

12) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кәсіпкерлік кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың нақты саласында бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 12.05.2023 № 390 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.05.2023 № 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен.

3. Бақылау субъектілерінің талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

## 2-тарау. Тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары

4. Объективті өлшемшарттарды айқындау тәуекелді айқындау арқылы жүзеге асырылады.

Тәуекелді айқындау мынадай өлшемшарттардың бірін ескере отырып, мемлекеттік бақылау жүзеге асырылатын саланың ерекшелігіне қарай жүзеге асырылады:

1) реттелетін салаға (облысқа) ықтимал теріс салдар ауырлығының, зиянның масштабы;

2) адамның өмірі немесе денсаулығы, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделері үшін қолайсыз оқиғаның туындау мүмкіндігі.

5. Барлық ықтимал тәуекелдерге талдау жүргізгеннен кейін бақылау субъектілері тәуекелдің үш дәрежесі (жоғары, орташа және төмен) бойынша бөлінеді.

6. Тәуекел дәрежесі жоғары субъектілерге:

1) күзет қызметін қызметтік қаруды пайдалана отырып жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

2) жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

3) күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету бойынша жұмысты бастау туралы хабарлама берген күннен бастап бір жылға дейін қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар жатады;

4) қызметтік қаруды пайдалана отырып күзет қызметін жүзеге асыратын және бірмезгілде күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын заңды тұлғалар.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 12.05.2023 № 390 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.05.2023 № 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен.

7. Тәуекел дәрежесі орташа субъектілерге:

1) күзет қызметін қызметтік қаруды пайдаланбай жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

2) екі жүз елуден астам жұмыскерлердің жылдық орташа санын құрайтын күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар жатады;

3) қызметтік қаруды пайдаланбай күзет қызметін жүзеге асыратын және бірмезгілде күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен күзет қызметімен айналысатын заңды тұлғалар.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 12.05.2023 № 390 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.05.2023 № 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен.

8. Тәуекелдің төменгі дәрежесіне жатпайтын субъектілерге екі жүз елуден төмен жұмыскерлердің жылдық орташа санын құрайтын тек күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен бір жылдан аса айналысатын заңды және жеке тұлғалар жатады.

9. Тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілерінің қызметі салаларында талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау

субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің қызметі салаларында талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

**3-тарау. Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары**

10. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

11. Бақылау субъектілерін анықтау үшін деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау қажет.

Ақпаратты жинау және өңдеу процестері толық көлемде автоматтандырылады және алынған деректердің дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.05.2023 № 390 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.05.2023 № 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен.

12. Күзет қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілердің тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру бойынша:

1) бақылау субъектісі ұсынатын есептерге, мәліметтерге жүргізілген мониторинг, мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын талдау және мәліметтер, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар жүргізетін жедел-профилактикалық іс-шаралар нәтижелері;

2) алдыңғы тексеріс және бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері.

3) бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (ұсыным);

4) бақылау субъектінің кінәсінен пайда болған қолайсыз оқиғалардың болуы. Қолайсыз оқиғаларға:

бақылау субъектінің күзетшісіне, басшысына, құрылтайшысына (қатысушысына) қатысты қылмыстық және/немесе әкімшілік істің болуы;

бақылау субъекті күзететін объектіде күзетті қамтамасыз етумен (күзет қызметтерін көрсетумен) тікелей байланысты құқық бұзушылықты, төтенше жағдайды жасау;

қызметтік қаруды жою, жоғалту жатады;

5) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы;

6) бұқаралық ақпарат құралдарындағы басылымдар мен жарияланымдарды талдау;

талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүргізу бойынша:

7) бақылау субъектісі ұсынатын есептерге, мәліметтерге жүргізілген мониторинг, мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын талдау және мәліметтер, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар жүргізетін жедел-профилактикалық іс-шаралар нәтижелері;

8) алдыңғы тексеріс нәтижелері;

9) бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (ұсыным);

10) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы.

13. Талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүргізу үшін жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілердің тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі ұсынатын есептерге, мәліметтерге жүргізілген мониторинг, мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын талдау және мәліметтер, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар жүргізетін жедел-профилактикалық іс-шаралар нәтижелері;

2) алдыңғы тексеріс нәтижелері;

3) бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (ұсыным);

4) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы.

14. Талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүргізу үшін күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілердің тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) мемлекеттік органдар, ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар жүргізетін жедел-профилактикалық іс-шаралар нәтижелері;

2) алдыңғы тексеріс нәтижелері;

3) бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (ұсыным);

4) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы.

15. Қолдағы бар ақпарат көздер негізінде субъективтік өлшемшарттар бұзушылықтың үш дәрежесіне бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы.

Бұзушылық дәрежесі субъективтік өлшемшарттарға ықтимал тәуекелге және проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың жекешелігіне немесе жүйелігіне, бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты беріледі.

Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру үшін тәуекел дәрежесін бағалау кезінде күзет қызметінің тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективтік өлшемшарттары осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес қолданылады.

Талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау кезінде күзет қызметінің, жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын

жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтары қызметінің және күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтің тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективтік өлшемшарттары осы Өлшемшарттарға 2, 3, және 4-қосымшаларға сәйкес қолданылады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау және қадағалау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы Қағидалардың (SC) 15-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапозонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$R_{пром} = SP + SC$, мұнда

$R_{пром}$ – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші;

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SC – субъективті өлшемшарттарбойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылаудың әрбір саласының бақылау субъектілерінің біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.05.2023 № 390 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.05.2023 № 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен.

15-1. Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$SP_з = (SP_2 \text{ x } 100/SP_1) \text{ x } 0,7$

мұнда:

$SP_з$ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_1$ – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$SP_н = (SP_2 \text{ x } 100/SP_1) \text{ x } 0,3$

мұнда:

$SP_н$ – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_1$ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шкала бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$SP = SP_з + SP_н$,

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$SP_з$ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_н$ – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

Ескерту. 15-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 12.05.2023 № 390 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.05.2023 № 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен.

15-2. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шкала бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^{n} x_i * w_i, \text{мұнда}$$

$x_i$ – субъективті өлшемшарт көрсеткіші;

$w_i$ – субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы xi;

n – көрсеткіштер саны.

Субъективті өлшемшарттарбойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттарбойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі." ;

Ескерту. 15-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 12.05.2023 № 390 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.05.2023 № 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен.

15-3. R көрсеткіші бойынша субъектілер бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{пром} - R_{min}}{R_{max} - R_{min}},$$

R– жеке бақылау субъектісінің субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды);

$R_{max}$– бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шкаласы бойынша мүмкін болатын ең жоғарғы ықтимал мән (шкаланың жоғарғы шекарасы);

$R_{min}$– бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шкаласы бойынша мүмкін болатын ең төменгі ықтимал мән (шкаланың төменгі шекарасы)

$R_{пром}$– субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші .

Ескерту. 15-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 12.05.2023 № 390 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.05.2023 № 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен.

16. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі мыналарға:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.05.2023 № 390 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.05.2023 № 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен.

17. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері қызметінің салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізудің жиілігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен, бірақ жылына ең көбі бір рет айқындалады.

Тәуекелдің орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері қызметінің салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен, бірақ ең көбі екі жылда бір рет айқындалады.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері қызметінің салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен, бірақ ең көбі үш жылда бір рет айқындалады.

18. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылаудың жиілігін бақылау органдары жоғары және орташа тәуекел дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілеріне қатысты жылына екі реттен жиілетпей айқындайды.

19. Талаптарға сәйкестігін тексеру Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 144-бабына сәйкес құралатын кесте негізінде жүргізіледі.

20. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 144-2-бабына сәйкес құралатын бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

21. Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау ең жоғары әлеуетті тәуекелі бар бақылау субъектісіне қатысты бақылау субъектісіне талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуді және профилактикалық бақылауды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды

толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне кестелер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

22. Адал бақылау субъектілерін көтермелеу және бұзушыларға бақылау шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау субъектілері реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалатын кезеңге бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүргізуден босатылады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.05.2023 № 390 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.05.2023 № 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен.

23. Бақылау субъектілері ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау субъектілері қызметінің тиісті салаларындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда:

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылаудан немесе талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізуден босату жағдайлары айқындалған болса ауыстырылады.

24. Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу кестелерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүзеге асырылатын бақылау субъектілері санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

құралдарын монтаждау, баптау
және оларға техникалық қызмет
көрсету жөніндегі қызметті
мемлекеттік бақылау бойынша
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

## Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру үшін күзет қызметін мемлекеттік бақылау бойынша тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 12.05.2023 № 390 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.05.2023 № 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен.

| № | Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективтік өлшемшарттары | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|---|
| 1-бөлім. Бақылау субъектісі ұсынатын есептерге, мәліметтерге жүргізілген мониторинг, мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын талдау және мәліметтер, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар жүргізетін жедел-профилактикалық іс-шаралар нәтижелері: | | |
| 1-кіші бөлім. Күзет қызметін жүзеге асыратын барлық субъектілер үшін: | | |
| 1 | Ұсынбау немесе расталмаған есептерді, ақпараттарды, мәліметтерді ұсыну. | Өрескел |
| 2 | Күзетші лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерінде оның жеке басын және жеке күзет ұйымына тиесілігін куәландыратын құжаттың болмауы. | Елеулі |
| 3 | Күзетшінің жеке басын және оның жеке күзет ұйымына тиесілігін куәландыратын құжаттың мынадай талаптарға сәйкес келмеуі:<br>- куәліктің мұқабасы көк түсті теріден, лидериннен, винилді немесе белокроннан дайындалады ;<br>- куәліктің ашылған түрдегі мөлшері 210 х 70 мм. болады;<br>- сыртында, бет жағында: "КУӘЛІК УДОСТОВЕРЕНИЕ" деген жазу болады;<br>- куәліктің ішкі жағына ақ түсті жапсырма қағаз жапсырылады;<br>- куәліктің жапсырмасы баспаханалық офсеттік тәсілмен орындалған; | Елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| | -куәліктің жапсырмасы әр қайсысы 95 х 65 мм. екі жартыдан - сол және оң бөліктен тұрады;<br>- жапсырманың сол бөлігінде мөлшері 3,5 х 4,5 см. фото сурет жапсыруға арналған орын болады;<br>- куәлікті дайындау кезінде мемлекеттік рәміздерді пайдалануға тыйым салынады ( оның ішінде сутаңба белгілермен). | |
| 4 | Жеке күзет ұйымында күзет қызметтерін көрсету туралы жазбаша шарттың болмауы. | Болмашы |
| 5 | Жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымын атқаратын жұмыскерді міндетті сақтандыруды растайтын құжаттың болмауы. | Өрескел |
| 6 | Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымы кызметкерлерінің штат саны мынадай нормативтерге сәйкес келмейді:<br>1) стационарлық объектілерді күзету кезінде:<br>- бір тәуліктік күзет постына 4,5 күзетшісі аспайтын штат бірліктен ;<br>- он екі сағаттық бір күзет постына 2,25-тен аспайтын штат күзет бірлігі;<br>- сегіз сағаттық бір күзет постына 1,5-тен аспайтын штат күзет бірлігі;<br>- күзетілетін объектілерден түсетін шақыруларға қызмет көрсететін жеке күзет ұйымының бір тәуліктік ұтқыр тобына (жедел ден қою тобына) 13,5-тен аспайтын штат күзет бірлігі;<br>2) магистральдық құбырларды күзету кезінде:<br>- айланып өтетін жолдарды, жер бедерінің күрделілігін, трасса жолының бойын, елді мекендерден алыстықты, желілік бөлігін техникалық құралдармен қорғауды, ауданға төнетін қауіп пен криминалдық қауіп-қатерді талдауды ескере отырып, магистральдық мұнай құбырының желілік бөлігінің 40 – 80 километріне бір тәуліктік ұтқыр топ; | Өрескел |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | - күзетілетін магистральді газ құбырының желілік бөлігі трассасының 100 – 160 километріне бір тәуліктік ұтқыр топ бекітілсін;<br>3) темір жол және автомобиль көлігімен тасымалданатын жүктерді күзету кезінде күзетшілердің саны стационарлық объектілерді күзету үшін орнатылған нормативтер шегінде шарт талаптарымен белгіленеді. | | |
| 7 | Күзетші лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері Нысанды киім киіп жүрудің мынадай қағидаларын сақтамайды:<br>1. Күзетшілер, жүргізуші-күзетшілер нысанды киімді күзетілетін объектілерде, жүктерді алып жүру кезінде, жедел ден қоятын ұтқыр топтар құрамында қызмет өткеру кезінде киеді.<br>2. Әйелдердің нысанды киімі тиісті киім пішімі ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы эскиз бойынша тігіледі.<br>3. Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау бойынша қызметтер көрсету күзет қызметі субъектісіне тиесілігін айқындайтын нысанды киімсіз жүзеге асырылуы мүмкін.<br>4. Тараптардың келісуі бойынша күзет қызметін көрсету кеңсе үй-жайларына арналған нысанды киіммен жүзеге асырылады. Жазғы уақытта күртесіз, жеңі қысқа көйлекпен қызмет атқаруға жол беріледі. Пиджактың ( жейденің) сол жақ төс қалтасында жеке күзет ұйымының атауы жазылған және логотипі бар бейдж бекітіледі. Бейдждің ортасына "КҮЗЕТ" деген жазу жазылады. Күзетшінің тегін және аты-жөнін немесе атын көрсетуге болады. | Болмашы | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 5. Кеңсе үй-жайларын күзету бойынша қызмет көрсету бас киімсіз жүзеге асырылуы мүмкін.<br>6. Сыртқы бекеттерде қызмет атқаратын күзетшілер үшін:<br>- қыс мезгілінде ауаның температурасы төмендеген кезде - тұлыптар (ішіктер) және теріден тігілген унтылар киюге;<br>- нысанды киімнің (күртенің) кеудесіне және арқасына жарық шағылыстыратын жолақтар тағуға болады.<br>7. Жазғы уақытта күртесіз және галстуксыз қысқа жең жейде не жейдесіз белгіленген үлгідегі омыраудағы және жеңдегі белгілермен футболка немесе футболка-поло не жейденің орнына футболка, шалбар және күрте киюге болады. | | |
| | Күзетшілер лауазымдарын атқаратын жеке күзет ұйымы жұмыскерлерінің мынадай талаптарға сәйкес келмейтін нысанды киімінің, сондай-ақ айырым белгілерінің және фурнитураның болуы:<br>1. Жазғы нысанды киім:<br>- бейсболка немесе сұр түсті кепи;<br>- сұр түсті күрте;<br>- сұр түсті қысқартылған күрте;<br>- көгілдір немесе ақ түсті жейде;<br>- көгілдір, ақ, сұр немесе қою сұр түсті трикотаж футболка немесе футболка-поло;<br>- сұр түсті галстук;<br>- сұр түсті, бітімінің төменгі жағы тарылған шалбар;<br>- классикалық модельдегі немесе қара түсті арнайы аяқ киім.<br>2. Қысқы нысанды киім:<br>- тоқылған, сұр немесе қара (жылы күртенің жағасымен түстес) түсті бөрік;<br>- табиғи жақсартылған қой терісінен немесе сұр немесе қара ( жылы күртенің жағасымен түстес) түсті жасанды теріден жасалған құлақшын;<br>- сұр түсті, табиғи жақсартылған қой терісінен немесе сұр немесе қара түсті жасанды теріден | | |

жасалған алмалы тері жағасы бар немесе алмалы капюшоны бар сұр түсті жылы күрте, жылы шалбарымен;
- сұр түсті, қысқартылған, табиғи жақсартылған қой терісінен немесе сұр немесе қара түсті жасанды теріден жасалған алмалы тері жағасы бар немесе алмалы капюшоны бар сұр түсті жылы күрте, жылы жартылай комбинезонымен;
- көгілдір немесе ақ түсті жейде;
- көгілдір, ақ, сұр немесе қою сұр түсті трикотаж футболка;
- сұр түсті галстук;
- классикалық модельдегі немесе арнайы қара түсті, жылы аяқ киім;
- галошы бар немесе галошы жоқ пима, резеңке етік (климаттық жағдайларға және қызмет атқару жағдайларына байланысты).
3. Кеңсе үй-жайларына арналған нысанды киім:
- ерлерге арналған күңгірт түсті бір ілме өңірлі күрте;
- төменгі жағы тарылтылған күңгірт түсті шалбар;
- көгілдір немесе ақ түсті жейде;
- күңгірт түсті галстук;
- классикалық модельдегі қара түсті аяқ киім.
4. Жедел ден қою мобильді топтарының күзетшілері үшін жазғы нысанды киім:
- бейсболка немесе сұр түсті кепи немесе қорғану дулығасы;
- сұр түсті қысқартылған күрте;
- көгілдір, ақ, сұр немесе қою сұр түсті трикотаж футболка немесе футболка-поло;
- сұр түсті, бітімінің төменгі жағы тарылған шалбар;
- қара түсті (қонышты бәтеңке, кроссовки) арнайыаяқ киім.
5. Жедел ден қою мобильді топтарының күзетшілеріне арналған қысқы нысанды киім:
- сұр немесе қара түсті (жылы күртенің жағасымен түстес) тоқылған бөрік;
- сұр немесе қара түсті табиғи жақсартылған қой терісінен

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | немесе жасанды теріден жасалған алмалы тері жағасы бар немесе алмалы капюшоны бар сұр түсті қысқартылған жылы күрте, сұр түсті жылы жартылай комбинезонымен;<br>- көгілдір, ақ, сұр немесе қою сұр түсті трикотаж футболка;<br>- сұр немесе қою сұр түсті трикотаж водолазка;<br>- қара түсті (ұзын қонышты бәтеңке) арнайы жылы аяқ киім.<br>6. Омырау белгісі:<br>- белгінің пішіні тікбұрышты, периметрі бойынша сары түсті жиегі және "КҮЗЕТ" деген сары түсті жазуы бар;<br>- белгі негізінің түсі - сұр немесе көгілдір;<br>- белгінің мөлшері - 120x30 мм;<br>- белгі жейделердің, футболкалардың, футболка-пололардың, жазғы және қысқы күртелердің сол жақ омырау қалтасының жоғары жағына жапсырылады;<br>- белгі тоқымашылық, кестелеу, жібекпен тігу, термотрансфер жолымен әзірленеді және тозуға төзімді болуы тиіс.<br>7. Арқадағы белгі:<br>- белгінің пішіні тікбұрышты, периметрі бойынша сары түсті жиегі және "КҮЗЕТ" деген сары түсті жазуы бар;<br>- белгі жиегінің түсі - сұр немесе көгілдір;<br>- белгінің мөлшері - 280x80 мм;<br>- белгі жазғы және қысқы күртелердің артқы жағына жапсырылады, белгінің жоғарғы жағы жауырын тігісі бойынша орналасады;<br>- белгі тоқымашылық, кестелеу, жібекпен тігу, термотрансфер жолымен әзірленеді және тозуға төзімді болуы тиіс.<br>8. Жеңдегі белгі:<br>- пішінін, түс гаммасын, материал және дайындау тәсілін жеке күзет ұйымы белгілейді; | Болмашы | |

| | | |
|---|---|---|
| | - белгіде корпоративтік логотип және жеке күзет ұйымының атауы бейнеленеді;<br>- белгі жейделердің, футболкалардың, футболка-пололардың, жазғы және қысқы күртелердің сол жеңінде иық тігісінен 120 мм төмен жапсырылады;<br>- Қазақстан Республикасының Күзет ұйымдары қауымдастығы мүшелерінің қызметкерлері үшін корпоративтік белгісімен бірдей дайындалған Қауымдастықтың логотипі бар белгіні тағуға болады . Белгі жейденің, жазғы және қысқы күртелердің оң жеңіне, сол жеңдегі белгімен деңгейлес жапсырылады.<br>9. Бас киімдердегі белгілер:<br>- тоқымашылық жолымен әзірленген белгілерде немесе тез балқығыш металдан жасалған кокардаларда күзет ұйымының корпоративтік логотипі болады;<br>- сопақша белгінің мөлшері – көлденеңінен 70 мм, тігінен 40 мм ;<br>- дөңгелек белгінің диаметрі – 40 мм;<br>- кокарданың мөлшері: биіктігі – 60 мм, ені – 40 мм;<br>- белгілер бас киімнің алдыңғы бөлігінің ортасына жапсырылады.<br>10. Кеңсе үй-жайларына арналған киімдегі белгілер:<br>- кеңсе үй-жайларына арналған киімнің жеңіне тоқымашылық, кестелеу, жібекпен тігу, термотрансфер жолымен белгі салынады және ол тозуға төзімді болуы тиіс;<br>- пішінін, түс гаммасын, материалын және дайындау тәсілін жеке күзет ұйымы белгілейді;<br>- белгіде корпоративтік логотип және жеке күзет ұйымының атауы бейнеленеді;<br>- белгі жейделердің және күртелердің сол жеңінде иық тігісінен 120 мм төмен жапсырылады. | |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары және азаматтары бір мезгілде күзет қызметімен айналысатын бірнеше ұйымның құрылтайшылары, қатысушылары және (немесе) меншік иелері болып табылады. | Өрескел |
| 10 | Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 12.05.2023 № 390 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.05.2023 № 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен. | |
| 11 | Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 12.05.2023 № 390 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.05.2023 № 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен. | |
| 12 | Жеке күзет ұйымы күзеттен басқа өзге қызметті жүзеге асыратын ұйымның еншілес кәсіпорны болып табылады. | Өрескел |
| 13 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушылары) өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін құрылтайшылар не ұйымның лауазымды адамдары болып табылады. | Өрескел |
| 14 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушысы) қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар азаматтар, сондай-ақ құрылтайшылардың ( қатысушылардың) құрамында көрсетілген адамдар бар заңды тұлғалар болып табылады. | Өрескел |
| 15 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушысы) өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін заңды тұлғалар және олармен аффилиирлеген заңды тұлғалар болып табылады. | Өрескел |
| 16 | Жеке күзет ұйымдарының құрылтайшылары (қатысушылары ) қоғамдық бірлестіктер болып табылады. | Өрескел |
| 17 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшылары (қатысушылары ) шетелдік заңды тұлғалар, шетелдің қатысуымен заңды тұлғалар, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ сенімгерлік басқаруында жеке күзет ұйымы бар адамдар болып табылады. | Өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| 2-кіші бөлім. Ұлттық компаниялар құрған күзет қызметі субъектілері үшін: | | |
| 18 | Ұлттық компаниялар құрған күзет ұйымдарының үшінші тұлғаларға күзет қызметтерін көрсету фактісінің болуы. | Өрескел |
| 19 | Жеке күзет ұйымы күзеттен басқа өзге қызметті жүзеге асыратын ұйымның еншілес кәсіпорны болып табылмайды. | Өрескел |
| 20 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушылары) өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін құрылтайшылар не ұйымның лауазымды адамдары болып табылмайды. | Өрескел |
| 21 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушысы) өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін заңды тұлғалар және олармен аффилиирлеген заңды тұлғалар болып табылмайды. | Өрескел |
| 2-бөлім. Алдыңғы тексеріс және бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері: | | |
| 1-кіші бөлім. Күзет қызметін жүзеге асыратын барлық субъектілер үшін: | | |
| 22 | Күзетші лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерінде оның жеке басын және жеке күзет ұйымына тиесілігін куәландыратын құжаттың болмауы. | Елеулі |
| 23 | Күзетшінің жеке басын және оның жеке күзет ұйымына тиесілігін куәландыратын құжаттың мынадай талаптарға сәйкес келмеуі:<br>- куәліктің мұқабасы көк түсті теріден, лидериннен, винилді немесе белокроннан дайындалады ;<br>- куәліктің ашылған түрдегі мөлшері 210 x 70 мм. болады;<br>- сыртында, бет жағында: "КУӘЛІК УДОСТОВЕРЕНИЕ" деген жазу болады;<br>- куәліктің ішкі жағына ақ түсті жапсырма қағаз жапсырылады;<br>- куәліктің жапсырмасы баспаханалық офсеттік тәсілмен орындалған; | Елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| | -куәліктің жапсырмасы әр қайсысы 95 х 65 мм. екі жартыдан - сол және оң бөліктен тұрады;<br>- жапсырманың сол бөлігінде мөлшері 3,5 х 4,5 см. фото сурет жапсыруға арналған орын болады;<br>- куәлікті дайындау кезінде мемлекеттік рәміздерді пайдалануға тыйым салынады ( оның ішінде сутаңба белгілермен). | |
| 24 | Жеке күзет ұйымында күзет қызметтерін көрсету туралы жазбаша шарттың болмауы. | Болмашы |
| 25 | Жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымын атқаратын жұмыскерді міндетті сақтандыруды растайтын құжаттың болмауы. | Өрескел |
| 26 | Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымы қызметкерлерінің штат саны мынадай нормативтерге сәйкес келмейді:<br>1) стационарлық объектілерді күзету кезінде:<br>- бір тәуліктік күзет постына 4,5 күзетшісі аспайтын штат бірліктен ;<br>- он екі сағаттық бір күзет постына 2,25-тен аспайтын штат күзет бірлігі;<br>- сегіз сағаттық бір күзет постына 1,5-тен аспайтын штат күзет бірлігі;<br>- күзетілетін объектілерден түсетін шақыруларға қызмет көрсететін жеке күзет ұйымының бір тәуліктік ұтқыр тобына (жедел ден қою тобына) 13,5-тен аспайтын штат күзет бірлігі;<br>2) магистральдық құбырларды күзету кезінде:<br>- айналып өтетін жолдарды, жер бедерінің күрделілігін, трасса жолының бойын, елді мекендерден алыстықты, желілік бөлігін техникалық құралдармен қорғауды, ауданға төнетін қауіп пен криминалдық қауіп-қатерді талдауды ескере отырып, магистральдық мұнай құбырының желілік бөлігінің 40 – 80 километріне бір тәуліктік ұтқыр топ; | Өрескел |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | - күзетілетін магистральді газ құбырының желілік бөлігі трассасының 100 – 160 километріне бір тәуліктік ұтқыр топ бекітілсін;<br>3) темір жол және автомобиль көлігімен тасымалданатын жүктерді күзету кезінде күзетшілердің саны стационарлық объектілерді күзету үшін орнатылған нормативтер шегінде шарт талаптарымен белгіленеді. | | |
| 24 | қозғалыс қауіпсіздігі қағидаларын жұмыскер бұзған;<br>4) заңды күшіне енген сот үкімімен немесе қаулысымен анықталған, жұмыскер жұмыс орнында бөтен мүлікті ұрлаған (оның ішінде ұсақ ұрлық), оны қасақана жойған немесе бүлдірген;<br>5) жұмыскер еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткен ;<br>6) тәртіптік жазасы бар жұмыскер еңбек міндеттерін дәлелді себепсіз қайталап орындамаған немесе қайталап тиісінше орындамаған;<br>7) егер төлнұсқа құжаттар немесе мәліметтер еңбек шартын жасасудан немесе басқа жұмысқа ауысудан бас тартуға негіз болатын болса, еңбек шартын жасасу не басқа жұмысқа ауыстыру кезінде жұмыскер жұмыс берушіге көрінеу жалған құжаттар немесе мәліметтер ұсынған. | | |
| 2-бөлім. Террористік тұрғыдан осал объектілердің күзетін жүзеге асыратын субъектілер үшін: | | | |
| 25 | Күзет қызметтерін көрсету саласында кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесінің болуы. | | |
| 26 | Меншік не жалға алу құқығында орталықтандырылған күзет пункттің орналастыруға арналған үй-жайының болуы. | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 27 | Орталықтандырылған бақылау пультінің болуы. | | |
| 28 | Радиобайланыстың болуы. | | |
| 29 | Объектілерден дабыл сигналдарына шығуды қамтамасыз ететін кемінде екі мобильді топтарының (жедел ден қою топтарының) болуы. | | |
| 30 | Қызметтік, оның ішінде атыс қаруының болуы. | | |
| 3-бөлім. Ұлттық компаниялар құрған күзет қызметі субъектілері үшін: | | | |
| 31 | Ұлттық компанияның күзет ұйымын құру құқығына Қазақстан Республикасының аумағында күзет қызметін бақылауды жүзеге асыру жөнінде уәкілетті органның келісім-хаттың болуы. | | |

Лауазымды адам (-дар) ________________________________ ______________
лауазымы қолы
_____________________________________________________________________________
тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Бақылау субъектісінің басшысы__________________________ _______________
лауазымы қолы
_____________________________________________________________________________
тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 30 қазандағы № 757
және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 30 қазандағы
№ 32 бірлескен бұйрығына
3-қосымша

**Жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін мемлекеттік бақылау бойынша тексеру парағы**

Ескерту. Тексеру парағы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.12.2022 № 924 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.12.2022 № 113 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 20.06.2024 № 502 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.06.2024

№ 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қатысты

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ____________________________________
__
______________________________________________________________________________
__

Тексеруді тағайындау туралы акт ______________________________________________
__
______________________________________________________________________________
__

№, күні

Бақылау субъектісінің атауы ___________________________________________________
__
______________________________________________________________________________
__

Бақылау субъектісінің ЖСН, БСН ______________________________________________
___
______________________________________________________________________________
__

Орналасқан жерінің мекенжайы ________________________________________________
__
______________________________________________________________________________
__

| № | Талаптар тізбесі | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Санитарлық нормаларға сәйкес келетін сабақтар өткізуге арналған үй-жайдың болуы. | | |
| 2 | Меншік құқығында немесе жалдау шартында атыс даярлығы бойынша сабақтар өткізу үшін атыс тирінің болуы. | | |
| 3 | Оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларында көзделген арнайы және | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | техникалық құралдардың болуы. | | |
| 4 | Тиісті теориялық, практикалық білімдері және өзінің кәсіптік құзыреті саласында практикалық дағдылары бар және күзет қызметі саласында кәсіптік жұмыс тәжірибесін жинақтаған, мамандарды оқыту процесіне тартылып жүрген оқытушылардың болуы ( растайтын құжаттардың көшірмелері). | | |
| 5 | МОО және олардың филиалдарының құрылтайшылары ( қатысушылары), басшылары психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтары ( аурулары) бар, психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған адамдар болып табылмайды. | | |
| 6 | МОО және олардың филиалдарының құрылтайшылары ( қатысушылары), басшылары қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар адамдар болып табылмайды. | | |
| | МОО және олардың филиалдарының құрылтайшылары ( қатысушылары), басшылары бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін қылмыстық | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | жауаптылықтан босатылған адамдар болып табылмайды:<br>1) рақымшылық жасау актісінің салдарынан, егер ол жасалған әрекеттері үшін жазаны қолдануды жойса;<br>2) қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне орай;<br>3) егер іс бойынша іс жүргізу оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекеттерді есі дұрыс емес жағдайда жасаған адамға қатысты болса;<br>4) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары немесе иммунитеті бар адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға уәкілетті органның немесе лауазымды адамның келісім беруден бас тартуына байланысты;<br>5) шынайы өкінуіне байланысты, қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде, процестік келісімнің талаптары орындалған кезде, татуласуға байланысты, кепілгерліктің белгіленуіне байланысты, жағдайдың өзгеруіне байланысты, ескіру мерзімінің өтуіне байланысты, ауруға шалдығуына байланысты, рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде;<br>6) егер мемлекеттік айыптаушы сотта қылмыстық қудалауды | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайларды анықтағанда айыпталушыны қылмыстық қудалаудан бас тартуды мәлімдесе. | | |
| 8 | Лауазымға қабылданғанға дейін бір жылдың ішінде немесе осы лауазымда болған кезеңде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылған, сондай-ақ лауазымға қабылданғанға дейін бір жылдың ішінде немесе осы лауазымда болған кезеңде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамдар МОО және олардың филиалдарының құрылтайшылары (қатысушылары), басшылары болып табылмайды:<br>1) рақымшылық жасау актісінің салдарынан, егер ол жасалған әрекеттері үшін жазаны қолдануды жойса;<br>2) қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне орай;<br>3) егер іс бойынша іс жүргізу оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекеттерді есі дұрыс емес жағдайда жасаған адамға қатысты болса;<br>4) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары немесе иммунитеті бар адамды | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қылмыстық жауаптылыққа тартуға уәкілетті органның немесе лауазымды адамның келісім беруден бас тартуына байланысты ;<br>5) шынайы өкінуіне байланысты, қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде, процестік келісімнің талаптары орындалған кезде, татуласуға байланысты, кепілгерліктің белгіленуіне байланысты, жағдайдың өзгеруіне байланысты, ескіру мерзімінің өтуіне байланысты, ауруға шалдығуына байланысты , рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде;<br>6) егер мемлекеттік айыптаушы сотта қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайларды анықтағанда айыпталушыны қылмыстық қудалаудан бас тартуды мәлімдесе. | | | |
| | МОО және олардың филиалдарының құрылтайшылары ( қатысушылары), басшылары лауазымға қабылданғанға дейін бір жылдың ішінде немесе осы лауазымда болған кезеңде мынадай әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған: террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындамау және (немесе) тиісінше орындамау; ұсақ | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бұзақылық; пиротехникалық бұйымдарды елді мекендерде қолдану; арнаулы қызметтерді көрінеу жалған шақыру; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат; алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу; қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамның заңды талабына бағынбау ; көрінеу жезөкшелікпен айналысу немесе жеңгетайлық үшін үй-жайлар ұсыну; бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сол сияқты өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату; мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіру, қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамау ; тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу, сондай-ақ әрекеттерді ( операцияларды)жүзеге асыру; лицензиялау нормаларын бұзу; күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | қызметке қойылатын талаптарды бұзу; Қазақстан Республикасының күзет қызметі саласындағы заңнамасын бұзу; төтенше жағдай режимін бұзу; терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында құқықтық режимді бұзу; төтенше жағдай кезінде құқықтық тәртіпті бұзуға итермелейтін әрекеттер; құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы хабарламау және (немесе ) шаралар қабылдамау; қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде, арнаулы мекемелерде ұсталатын адамдарға тыйым салынған заттар, бұйымдар мен нәрселер беру; жеке және заңды тұлғалардың каруды заңсыз иеленіп алуы, беруі, өткізуі, сақтауы, алып жүруі, тасымалдауы ; азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолданып жасалған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, олармен сауда жасау, оларды жою , әкелу, әкету тәртібін бұзу; азаматтық және қызметтік қару айналымы қағидаларын бұзу; каруды құқыққа сыйымсыз қолдану; азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық каруды тіркеу (қайта тіркеу) не оны есепке қою тәртібін бұзу; азаматтық қаруды, оның патрондарын өткізу | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | үшін тапсырудан жалтару ; Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасын бұзу; Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау, қатысу, олардың қызметін қаржыландыру; Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу; паспорттарды, жеке куәліктерді заңсыз алып қою немесе оларды кепілге қабылдау; жеке басты куәландыратын құжаттарды алған кезде не Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау не Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көрінеу жалған мәліметтерді ұсыну; Қазақстан Республикасының азаматтық туралы заңнамасын бұзу; мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы, сондай-ақ таратылуы | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | шектеулі қызметтік ақпаратпен жұмыс істеудегі белгіленген талаптарды бұзу; күзетілетін объектілерге заңсыз кіру; сотты құрметтемеушілік; әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың жауаптылығы; куәнің айғақтар беруден бас тартуы немесе жалтаруы; куәнің, жәбірленушінің көрінеу жалған айғақтары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы немесе көрінеу дұрыс емес аударма; прокурорға, тергеушіге және анықтау органына, сот орындаушысына, сот приставына келмеу; құқық қорғау органы немесе арнаулы мемлекеттік орган, әскери полиция органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерінің (әскери қызметшісінің), сот приставының, сот орындаушысының заңды өкіміне немесе талабына бағынбау; сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау; сот орындаушысының, сот приставының қаулысын және өзге де заңды талабын орындамау; сот орындаушысына атқарушылық құжаттарды орындауға кедергі келтіру; айырым белгілері және (немесе) нышаны бар әскери киім нысанын, сондай-ақ нысанды киім мен арнаулы киім-кешекті | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | заңсыз киіп жүру ( пайдалану). | | |
| 10 | МОО және олардың филиалдарының құрылтайшылары ( қатысушылары), басшылары кемінде үш жыл бұрын мемлекеттік, әскери қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан теріс себептермен босатылған адамдар болып табылмайды. | | |
| | МОО және олардың филиалдарының құрылтайшыларымен ( қатысушыларымен), басшыларымен кемінде үш жыл бұрын осыған ұқсас лауазымды немесе жеке күзет ұйымының күзетшісілауазымын атқарған кезеңде мынадай негіздер бойынша еңбек шарты бұзылмаған:<br>1) жұмыскер жұмыста алкогольдік, есірткілік, психотроптық, уытқұмарлық масаңдық ( соларға ұқсас) жағдайында болған, оның ішінде жұмыс күні ішінде алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масаңдық ( соларға ұқсас) жағдайын туғызатын заттарды пайдаланған;<br>2) алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масаңдық жағдайын туғызатын заттарды пайдалану фактісін анықтау үшін медициналық куәландырудан өтуден бас тартқан;<br>3) өндірістік жарақаттар мен аварияларды қоса алғанда, жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығы үшін ауыр зардаптарға | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11 | әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін, еңбекті қорғау немесе өрт қауіпсіздігі не көліктегі қозғалыс қауіпсіздігі қағидаларын жұмыскер бұзған;<br>4) заңды күшіне енген сот үкімімен немесе қаулысымен анықталған, жұмыскер жұмыс орнында бөтен мүлікті ұрлаған (оның ішінде ұсақ ұрлық), оны қасақана жойған немесе бүлдірген;<br>5) жұмыскер еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткен ;<br>6) тәртіптік жазасы бар жұмыскер еңбек міндеттерін дәлелді себепсіз қайталап орындамаған немесе қайталап тиісінше орындамаған;<br>7) егер төлнұсқа құжаттар немесе мәліметтер еңбек шартын жасасудан немесе басқа жұмысқа ауысудан бас тартуға негіз болатын болса, еңбек шартын жасасу не басқа жұмысқа ауыстыру кезінде жұмыскер жұмыс берушіге көрінеу жалған құжаттар немесе мәліметтер ұсынған. | | | |
| 12 | МОО және олардың филиалдарының құрылтайшылары ( қатысушылары), басшылары шетелдік заңды тұлғалар, шетелдің қатысуымен заңды тұлғалар, шетелдіктер, сондай-ақазаматтығы | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жоқ адамдар болып табылмайды. | | |
| 13 | Қызметтік қару мен оның патрондарының мынадай түрлерге, типтерге, модельдерге және санға сәйкес келуі:<br>1) ойықты ұзын ұңғылы – кемінде 5;<br>2) ойықты қысқа ұңғылы – кемінде 10;<br>3) тегіс ұңғылы ұзын ұңғылы – кемінде 7;<br>4) тегіс ұңғылы қысқа ұңғылы – кемінде 7;<br>5) ұңғысыз жарақат салатын– кемінде 5;<br>6) электр қаруы – кемінде 5;<br>7) газды пистолеттер, револьверлер – кемінде 5;<br>8) пневматикалық қару – кемінде 5.<br>Оқ-дәрілердің нормалары :<br>- жеке күзет ұйымдарының күзетшілерін, басшыларын оқыту – оқитын қызметкерге әрбір қарудың түріне 18 патрон;<br>- жеке адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауды жүзеге асыратын күзетшілерді оқыту – оқитын қызметкерге барлық курс ішінде 500 патрон;<br>- азаматтық аңшылық қару мен өзін-өзі қорғау қаруының иелерін оқытуға – бір азаматтық қару иесіне 20 патрон;<br>- қарудың атуын тексеру – қарудың бір бірлігіне қаруға 8 патрон есебінен белгіленеді. | | |

Лауазымды адам (-дар) ______________________________ ______________
лауазымы қолы

___________________________________________________________________________

_

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы__________________________ ______________
лауазымы қолы

___________________________________________________________________________

_

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 30 қазандағы № 757
және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 30 қазандағы
№ 32 бірлескен бұйрығына
4-қосымша

**Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті мемлекеттік бақылау бойынша тексеру парағы**

Ескерту. Тексеру парағы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.12.2022 № 924 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.12.2022 № 113 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға қатысты

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган ________________________________________
___________________________________________________________________________

Тексеруді тағайындау туралы акт ____________________________________________
___________________________________________________________________________

№, күні

Бақылау субъектісінің атауы _______________________________________________
___________________________________________________________________________

Бақылау субъектісінің ЖСН, БСН ____________________________________________
___________________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы_______________________________________________
___________________________________________________________________________

| № | Талаптар тізбесі | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | Заңды немесе жеке тұлғада күзет дабылы құралдарын монтаждау, | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтің басталғаны туралы хабарламаның болуы. | | |
| 2 | Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмысты жүргізетін заңды тұлғаның (бұдан әрі – субъект) маманында жұмыс саласына сәйкес келетін жоғары немесе орта техникалық білімін растайтын құжаттың болуы. | | |
| 3 | Субъектіде күзет сигнализациясы құралдарын баптауды, оларға техникалық қызмет көрсетуді және орнатылатын жабдықтың техникалық жайдайын тексеруді жүзеге асыруға арналған жабдықтары бар үй-жайының (немесе оны жалға алу шартының ) болуы. | | |
| 4 | Субъект басшысы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады. | | |
| 5 | Субъект басшысы психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтары ( аурулары) бар, психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған адам болып табылмайды. | | |
| 6 | Субъекті басшысында заңмен белгіленген | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығы жоқ. | | |
| 7 | Субъект басшысы бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін қылмыстық жауаптылықтан босатылған адам болып табылмайды:<br>1) рақымшылық жасау актісінің салдарынан, егер ол жасалған әрекеттері үшін жазаны қолдануды жойса;<br>2) қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне орай;<br>3) егер іс бойынша іс жүргізу оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекеттерді есі дұрыс емес жағдайда жасаған адамға қатысты болса;<br>4) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары немесе иммунитеті бар адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға уәкілетті органның немесе лауазымды адамның келісім беруден бас тартуына байланысты ;<br>5) шынайы өкінуіне байланысты, қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде, процестік келісімнің талаптары орындалған кезде, татуласуға байланысты, кепілгерліктің белгіленуіне байланысты, жағдайдың өзгеруіне байланысты, ескіру мерзімінің өтуіне | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | байланысты, ауруға шалдығуына байланысты, рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде;<br>6) егер мемлекеттік айыптаушы сотта қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайларды анықтағанда айыпталушыны қылмыстық қудалаудан бас тартуды мәлімдесе. | | |
| 8 | Субъект жұмыскері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады. | | |
| 9 | Субъект жұмыскері психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтары (аурулары) бар, психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған адам болып табылмайды. | | |
| 10 | Субъекті жұмыскерінде заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығы жоқ. | | |
| | Субъект жұмыскері бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін қылмыстық жауаптылықтан босатылған адам болып табылмайды:<br>1) рақымшылық жасау актісінің салдарынан, егер ол жасалған әрекеттері үшін жазаны қолдануды жойса; | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | 2) қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне орай;<br>3) егер іс бойынша іс жүргізу оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекеттерді есі дұрыс емес жағдайда жасаған адамға қатысты болса;<br>4) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары немесе иммунитеті бар адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға уәкілетті органның немесе лауазымды адамның келісім беруден бас тартуына байланысты ;<br>5) шынайы өкінуіне байланысты, қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде, процестік келісімнің талаптары орындалған кезде, татуласуға байланысты, кепілгерліктің белгіленуіне байланысты, жағдайдың өзгеруіне байланысты, ескіру мерзімінің өтуіне байланысты, ауруға шалдығуына байланысты , рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде;<br>6) егер мемлекеттік айыптаушы сотта қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайларды анықтағанда айыпталушыны қылмыстық қудалаудан бас тартуды мәлімдесе. | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын жеке тұлғада жұмыс саласына сәйкес келетін жоғарғы немесе орта техникалық білімін растайтын құжаттың болуы. | | |
| 13 | Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын жеке тұлғаның күзет сигнализациясы құралдарын баптауды, оларға техникалық қызмет көрсетуді және орнатылатын жабдықтың техникалық жайдайын тексеруді жүзеге асыруға арналған жабдықтары бар үй-жайының (немесе оны жалға алу шартының ) болуы. | | |
| 14 | Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын жеке тұлға Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады. | | |
| 15 | Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын жеке тұлға психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтары ( аурулары) бар, | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған адам болып табылмайды. | | |
| 16 | Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын жеке тұлғаның заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығы жоқ. | | |
| 17 | Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын жеке тұлға бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін қылмыстық жауаптылықтан босатылған адам болып табылмайды:<br>1) рақымшылық жасау актісінің салдарынан, егер ол жасалған әрекеттері үшін жазаны қолдануды жойса;<br>2) қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне орай;<br>3) егер іс бойынша іс жүргізу оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекеттерді есі дұрыс емес жағдайда жасаған адамға қатысты болса;<br>4) қылмыстық құдалаудан артықшылықтары немесе | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | иммунитеті бар адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға уәкілетті органның немесе лауазымды адамның келісім беруден бас тартуына байланысты ;<br>5) шынайы өкінуіне байланысты, қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде, процестік келісімнің талаптары орындалған кезде, татуласуға байланысты, кепілгерліктің белгіленуіне байланысты, жағдайдың өзгеруіне байланысты, ескіру мерзімінің өтуіне байланысты, ауруға шалдығуына байланысты , рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде;<br>6) егер мемлекеттік айыптаушы сотта қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайларды анықтағанда айыпталушыны қылмыстық қудалаудан бас тартуды мәлімдесе. | | |

Лауазымды адам (-дар) _______________________________ ______________
лауазымы қолы

________________________________________________________________________________
_

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы_________________________ ______________
лауазымы қолы

________________________________________________________________________________
__

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 30 қазандағы № 757
және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің

2018 жылғы 30 қазандағы
№ 32 бірлескен бұйрығына
5-қосымша

**Күзет қызметін мемлекеттік бақылау бойынша тексеру парағы**

Ескерту. Бұйрық 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 01.12.2022 № 924 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.12.2022 № 113 ( 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 12.05.2023 № 390 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.05.2023 № 65 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бірлескен бұйрықтарымен.

Күзет қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қатысты

Тексеруді/бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган ______________________________________________
______________________________________________

Тексеруді/бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау
туралы акт ______________________________________________
______________________________________________

№, күні

Бақылау субъектісінің атауы ______________________________________________
______________________________________________

Бақылау субъектісінің ЖСН, БСН ______________________________________________
______________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы______________________________________________
______________________________________________

| № | Талаптар тізбесі | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1-бөлім. Күзет қызметін жүзеге асыратын барлық субъектілер үшін: | | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Күзетші лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерінде оның жеке басын және жеке күзет ұйымына тиесілігін куәландыратын құжаттың болуы. | | |
| 2 | Күзетшінің жеке басын және оның жеке күзет ұйымына тиесілігін куәландыратын құжаттың мынадай талаптарға сәйкес келуі:<br>- куәліктің мұқабасы көк түсті теріден, лидериннен, винилді немесе белокроннан дайындалады;<br>- куәліктің ашылған түрдегі мөлшері 210 х 70 мм. болады;<br>-сыртында, бет жағында: "КУӘЛІК УДОСТОВЕРЕНИЕ" деген жазу болады;<br>- куәліктің ішкі жағына ақ түсті жапсырма қағаз жапсырылады;<br>- куәліктің жапсырмасы баспаханалық офсеттік тәсілмен орындалған;<br>-куәліктің жапсырмасы әр қайсысы 95 х 65 мм. екі жартыдан - сол және оң бөліктен тұрады;<br>- жапсырманың сол бөлігінде мөлшері 3,5 х 4,5 см. фото сурет жапсыруға арналған орын болады;<br>- куәлікті дайындау кезінде мемлекеттік рәміздерді пайдалануға тыйым салынады (оның ішінде сутаңба белгілермен). | | |
| 3 | Жеке күзет ұйымында күзет қызметтерін көрсету туралы жазбаша шарттың болуы. | | |
| | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | Жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымын атқаратын жұмыскердіміндетті сақтандыруды растайтын құжаттың болуы. | | | |
| 5 | Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымы кызметкерлерінің штат саны мынадай нормативтерге сәйкес келеді:<br>1) стационарлық объектілерді күзету кезінде:<br>- бір тәуліктік күзет постына 4,5 күзетшісі аспайтын штат бірліктен;<br>- он екі сағаттық бір күзет постына 2,25-тен аспайтын штат күзет бірлігі;<br>- сегіз сағаттық бір күзет постына 1,5-тен аспайтын штат күзет бірлігі;<br>- күзетілетін объектілерден түсетін шақыруларға қызмет көрсететін жеке күзет ұйымының бір тәуліктік ұтқыр тобына (жедел ден қою тобына) 13,5-тен аспайтын штат күзет бірлігі;<br>2) магистральдық құбырларды күзету кезінде:<br>- айланып өтетін жолдарды, жер бедерінің күрделілігін, трасса жолының бойын, елді мекендерден алыстықты, желілік бөлігін техникалық құралдармен қорғауды, ауданға төнетін қауіп пен криминалдық қауіп-қатерді талдауды ескере отырып, магистральдық мұнай құбырының желілік | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бөлігінің 40 – 80 километріне бір тәуліктік ұтқыр топ;<br>- күзетілетін магистральді газ құбырының желілік бөлігі трассасының 100 – 160 километріне бір тәуліктік ұтқыр топ бекітілсін;<br>3) темір жол және автомобиль көлігімен тасымалданатын жүктерді күзету кезінде күзетшілердің саны стационарлық объектілерді күзету үшін орнатылған нормативтер шегінде шарт талаптарымен белгіленеді. | | |
| | Күзетші лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері Нысанды киім киіп жүрудің мынадай қағидаларын сақтайды:<br>1. Күзетшілер, жүргізуші-күзетшілер нысанды киімді күзетілетін объектілерде, жүктерді алып жүру кезінде, жедел ден қоятын ұтқыр топтар құрамында қызмет өткеру кезінде киеді.<br>2. Әйелдердің нысанды киімі тиісті киім пішімі ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы эскиз бойынша тігіледі.<br>3. Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау бойынша қызметтер көрсету күзет қызметі субъектісіне тиесілігін айқындайтын нысанды киімсіз жүзеге асырылуы мүмкін. | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6 | 4. Тараптардың келісуі бойынша күзет қызметін көрсету кеңсе үй-жайларына арналған нысанды киіммен жүзеге асырылады. Жазғы уақытта күртесіз, жеңі қысқа көйлекпен қызмет атқаруға жол беріледі. Пиджактың (жейденің) сол жақ төс қалтасында жеке күзет ұйымының атауы жазылған және логотипі бар бейдж бекітіледі. Бейдждің ортасына "КҮЗЕТ" деген жазу жазылады. Күзетшінің тегін және аты-жөнін немесе атын көрсетуге болады.<br>5. Кеңсе үй-жайларын күзету бойынша қызмет көрсету бас киімсіз жүзеге асырылуы мүмкін.<br>6. Сыртқы бекеттерде қызмет атқаратын күзетшілер үшін:<br>- қыс мезгілінде ауаның температурасы төмендеген кезде - тұлыптар (ішіктер) және теріден тігілген унтылар киюге;<br>- нысанды киімнің (күртенің) кеудесіне және арқасына жарық шағылыстыратын жолақтар тағуға болады.<br>7. Жазғы уақытта күртесіз және галстуксыз қысқа жең жейде не жейдесіз белгіленген үлгідегі омыраудағы және жеңдегі белгілермен футболка немесе футболка-поло не жейденің орнына футболка, шалбар және күрте киюге болады. | | |
| | Күзетшілер лауазымдарын атқаратын жеке күзет ұйымы жұмыскерлерінің | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мынадай талаптарға сәйкес келетін нысанды киімінің, сондай-ақ айырым белгілерінің және фурнитураның болуы:<br>1. Жазғы нысанды киім:<br>- бейсболка немесе сұр түсті кепи;<br>- сұр түсті күрте;<br>- сұр түсті қысқартылған күрте;<br>- көгілдір немесе ақ түсті жейде;<br>- көгілдір, ақ, сұр немесе қою сұр түсті трикотаж футболка немесе футболка-поло;<br>- сұр түсті галстук;<br>- сұр түсті, бітімінің төменгі жағы тарылған шалбар;<br>- классикалық модельдегі немесе қара түсті арнайы аяқ киім.<br>2. Қысқы нысанды киім:<br>- тоқылған, сұр немесе қара (жылы күртенің жағасымен түстес) түсті бөрік;<br>- табиғи жақсартылған қой терісінен немесе сұр немесе қара (жылы күртенің жағасымен түстес) түсті жасанды теріден жасалған құлақшын;<br>- сұр түсті, табиғи жақсартылған қой терісінен немесе сұр немесе қара түсті жасанды теріден жасалған алмалы тері жағасы бар немесе алмалы капюшоны бар сұр түсті жылы күрте, жылы шалбарымен;<br>- сұр түсті, қысқартылған , табиғи жақсартылған қой терісінен немесе сұр немесе қара түсті жасанды теріден жасалған алмалы тері | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жағасы бар немесе алмалы капюшоны бар сұр түсті жылы күрте, жылы жартылай комбинезонымен;<br>- көгілдір немесе ақ түсті жейде;<br>- көгілдір, ақ, сұр немесе қою сұр түсті трикотаж футболка;<br>- сұр түсті галстук;<br>- классикалық модельдегі немесе арнайы қара түсті, жылы аяқ киім;<br>- галошы бар немесе галошы жоқ пима, резеңке етік (климаттық жағдайларға және қызмет атқару жағдайларына байланысты).<br>3. Кеңсе үй-жайларына арналған нысанды киім:<br>- ерлерге арналған күңгірт түсті бір ілме өңірлі күрте;<br>- төменгі жағы тарылтылған күңгірт түсті шалбар;<br>- көгілдір немесе ақ түсті жейде;<br>- күңгірт түсті галстук;<br>- классикалық модельдегі қара түсті аяқ киім.<br>4. Жедел ден қою мобильді топтарының күзетшілері үшін жазғы нысанды киім:<br>- бейсболка немесе сұр түсті кепи немесе қорғану дулығасы;<br>- сұр түсті қысқартылған күрте;<br>- көгілдір, ақ, сұр немесе қою сұр түсті трикотаж футболка немесе футболка-поло;<br>- сұр түсті, бітімінің төменгі жағы тарылған шалбар;<br>- қара түсті (қонышты бәтеңке, кроссовки) арнайыаяқ киім. | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | 5. Жедел ден қою мобильді топтарының күзетшілеріне арналған қысқы нысанды киім:<br>- сұр немесе қара түсті ( жылы күртенің жағасымен түстес) тоқылған бөрік;<br>- сұр немесе қара түсті табиғи жақсартылған қой терісінен немесе жасанды теріден жасалған алмалы тері жағасы бар немесе алмалы капюшоны бар сұр түсті қысқартылған жылы күрте, сұр түсті жылы жартылай комбинезонымен;<br>- көгілдір, ақ, сұр немесе қою сұр түсті трикотаж футболка;<br>- сұр немесе қою сұр түсті трикотаж водолазка ;<br>- қара түсті (ұзын қонышты бәтеңке) арнайы жылы аяқ киім.<br>6. Омырау белгісі:<br>- белгінің пішіні тікбұрышты, периметрі бойынша сары түсті жиегі және "КҮЗЕТ" деген сары түсті жазуы бар;<br>- белгі негізінің түсі - сұр немесе көгілдір;<br>- белгінің мөлшері - 120х30 мм;<br>- белгі жейделердің, футболкалардың, футболка-пололардың, жазғы және қысқы күртелердің сол жақ омырау қалтасының жоғары жағына жапсырылады;<br>- белгі тоқымашылық, кестелеу, жібекпен тігу, термотрансфер жолымен әзірленеді және тозуға төзімді болуы тиіс.<br>7. Арқадағы белгі: | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - белгінің пішіні тікбұрышты, периметрі бойынша сары түсті жиегі және "КҮЗЕТ" деген сары түсті жазуы бар;<br>- белгі жиегінің түсі - сұр немесе көгілдір;<br>- белгінің мөлшері - 280х80 мм;<br>- белгі жазғы және қысқы күртелердің артқы жағына жапсырылады, белгінің жоғарғы жағы жауырын тігісі бойынша орналасады;<br>- белгі тоқымашылық, кестелеу, жібекпен тігу, термотрансфер жолымен әзірленеді және тозуға төзімді болуы тиіс.<br>8. Жеңдегі белгі:<br>- пішінін, түс гаммасын, материал және дайындау тәсілін жеке күзет ұйымы белгілейді;<br>- белгіде корпоративтік логотип және жеке күзет ұйымының атауы бейнеленеді;<br>- белгі жейделердің, футболкалардың, футболка-пололардың, жазғы және қысқы күртелердің сол жеңінде иық тігісінен 120 мм төмен жапсырылады;<br>- Қазақстан Республикасының Күзет ұйымдары қауымдастығы мүшелерінің қызметкерлері үшін корпоративтік белгісімен бірдей дайындалған Қауымдастықтың логотипі бар белгіні тағуға болады. Белгі жейденің, жазғы және қысқы күртелердің оң жеңіне, сол жеңдегі белгімен деңгейлес жапсырылады. | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 9. Бас киімдердегі белгілер:<br>- тоқымашылық жолымен әзірленген белгілерде немесе тез балқығыш металдан жасалған кокардаларда күзет ұйымының корпоративтік логотипі болады;<br>- сопақша белгінің мөлшері - көлденеңінен 70 мм, тігінен 40 мм;<br>- дөңгелек белгінің диаметрі - 40 мм;<br>- кокарданың мөлшері: биіктігі - 60 мм, ені - 40 мм;<br>- белгілер бас киімнің алдыңғы бөлігінің ортасына жапсырылады.<br>10. Кеңсе үй-жайларына арналған киімдегі белгілер:<br>- кеңсе үй-жайларына арналған киімнің жеңіне тоқымашылық, кестелеу, жібекпен тігу, термотрансфер жолымен белгі салынады және ол тозуға төзімді болуы тиіс;<br>- пішінін, түс гаммасын, материалын және дайындау тәсілін жеке күзет ұйымы белгілейді;<br>- белгіде корпоративтік логотип және жеке күзет ұйымының атауы бейнеленеді;<br>- белгі жейделердің және күртелердің сол жеңінде иық тігісінен 120 мм төмен жапсырылады. | | |
| 8 | Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары және азаматтары бір мезгілде күзет қызметімен айналысатын бірнеше ұйымның құрылтайшылары, қатысушылары және ( немесе) меншік иелері болып табылмайды. | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 12.05.2023 № 390 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.05.2023 № 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен. | | |
| 10 | Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 12.05.2023 № 390 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.05.2023 № 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен. | | |
| 11 | Жеке күзет ұйымы күзеттен басқа өзге қызметті жүзеге асыратын ұйымның еншілес кәсіпорны болып табылмайды. | | |
| 12 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушылары) өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін құрылтайшылар не ұйымның лауазымды адамдары болып табылмайды. | | |
| 13 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушысы) қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар азаматтар, сондай-ақ құрылтайшылардың (қатысушылардың) құрамында көрсетілген адамдар бар заңды тұлғалар болып табылмайды. | | |
| 14 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушысы) өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін заңды тұлғалар және олармен аффилиирлеген заңды тұлғалар болып табылмайды. | | |
| 15 | Жеке күзет ұйымдарының құрылтайшылары (қатысушылары) қоғамдық бірлестіктер болып табылмайды. | | |
| | Жеке күзет ұйымының құрылтайшылары (қатысушылары) шетелдік заңды тұлғалар, шетелдің | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 16 | қатысуымен заңды тұлғалар, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ сенімгерлік басқаруында жеке күзет ұйымы бар адамдар болып табылмайды. | | |
| 2-бөлім. Ұлттық компаниялар құрған күзет қызметі субъектілері үшін: | | | |
| 17 | Ұлттық компаниялар құрған күзет ұйымдарының үшінші тұлғаларға күзет қызметтерін көрсету фактісінің болмауы. | | |
| 18 | Жеке күзет ұйымы күзеттен басқа өзге қызметті жүзеге асыратын ұйымның еншілес кәсіпорны болып табылады. | | |
| 19 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы ( қатысушылары) өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін құрылтайшылар не ұйымның лауазымды адамдары болып табылады. | | |
| 20 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы ( қатысушысы) өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін заңды тұлғалар және олармен аффилиирлеген заңды тұлғалар болып табылады. | | |

Лауазымды адам (-дар) _______________________________ ______________
лауазымы қолы

_____________________________________________________________________________
тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Бақылау субъектісінің басшысы_________________________ _______________
лауазымы қолы

_____________________________________________________________________________
тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК